



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### Макросауалнама: сарапшылар инфляция бойынша болжамдарын өзгеріссіз қалдырды

Астана қ.

2025 жыл, 20 қараша

Қазақстан Ұлттық Банкі сарапшылар қауымдастығы арасында жүргізілген кезекті макроэкономикалық сауалнаманың нәтижесін [жариялады](#).

Brent маркалы мұнайдың бағасы, Қазақстан экономикасының өсуі, инфляция, базалық мөлшерлеме, тауарлар мен қызметтердің экспорты және импорты, сондай-ақ теңге бағамы – сауалнаманың негізгі параметрі болды.

#### *Мұнай бағасы мен экономиканың өсуі*

**Мұнай бағасы** бойынша сценарий шарттары барлық болжамды кезеңде сәл төмендеді. 2025 жылы Brent маркалы мұнайдың бағасы 1 баррель үшін орта есеппен **68,7** АҚШ доллары деңгейінде, 2026 және 2027 жылдары тиісінше **63,8** және **64,1** АҚШ доллары деңгейінде болады деп күтілуде.

Дегенмен, **Қазақстан экономикасының өсуіне** қатысты болжамдар жақсарып отыр. ЖІӨ өсуіне қатысты болжам 2025 жылға – 5,6%-дан **5,9%**-ға, 2026 жылға – 4,8%-дан **4,9%**-ға, 2027 жылға – 4,8%-дан **5%**-ға дейін өсті.

#### *Инфляция мен базалық мөлшерлеме*

**Инфляцияға қатысты болжамдар** аса өзгере қоймады. 2025 жылдың соңына жасалған инфляция болжамы 12%-дан **12,3%**-ға сәл өсті. 2026 және 2027 жылдарға жасалған болжамдар тиісінше **10%** және **7%** деңгейінде сақталды.

Респонденттер барлық болжамды кезеңде **базалық мөлшерлеме** жоғарырақ болады деп күтеді. 2025 жылға болжамдардың медианасы 16,6%-дан **18%**-ға, 2026 жылға – 14,8%-дан **16%**-ға, 2027 жылға – 12%-дан **13%**-ға өсті.

#### *Сауалнамаға қатысушылардың құрамы туралы*

Сауалнамаға Қазақстанның макроэкономикалық көрсеткіштерін талдап, болжаумен айналысатын **14 ұйым** қатысты. Респонденттердің қатарына нарықтың кәсіби қатысушылары, зерттеу институттары, халықаралық ұйымдар мен рейтингтік агенттіктер кіреді.

Макроэкономикалық сауалнамаға **Ұлттық Банк болжамдары кірмейтінін** атап өтеміз. Ол қазақстандық және әлемдік нарықтағы жағдайдың дамуына қатысты нарықтағы кәсіби қатысушылардың тәуелсіз пікіріне, бағалауына және күтуіне жасалған шолудан тұрады.

Толығырақ Ұлттық Банктің [интернет-ресурсында](#)

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)